

	Олар әр түрлі пішіндерден бір нәрселер құрастырғанда ұнатады. Мұнда көңілді болғанымен біздің уақытымыз жоқ, кетуіміз керек, ал кету үшін кеме керек, себебі енді теңізбен жүземіз. Сондықтан ол кемені құрастыру үшін бізге шебердің көмегі қажет. Шебер бізге кеменің сызбасын қалдырған осы сызбаға қарап, біз кемемізді құрастырамыз. Балалар сызба бойынша кеме құрастырады. -Ал енді кемеге міну үшін оған көтерілетін баспалдақ керек.	
	Дидактикалық ойын: «Қызыл, көк дискілер» Көрнекілік: Әр баланың алдында 2 дискіден (қызыл, көк) тарелкаларда түрлі түсті геометриялық пішіндер. Сызбаның көмегімен балалар сұраған пішіндерді дискілерге лақтырады. -Міне біздің геометриялық пішіндер туралы барлық ақпараттарымыз дискеталарда сақталады деп ойлаймыз. -Балалар, енді сендермен компьютерлік «Лото» ойынын ойнайық, мұның да нәтижесі сәтті болса, вирусты жоюға көп көмегі бар. -Шеңберді экранның қақ ортасына қой. -Енді жоғарғы оң жақ бұрышқа апар, төменгі сол жақ бұрышқа түсір, төменгі оң жақ бұрышқа жеткіз, жоғарғы сол жақ бұрышқа көтер.	
	-Балалар, жарайсындар! Енді мен осы нәтиженің бәрін электрондық пошта арқылы математика патшайымына жіберемін. Егер ол біздің жауаптарымызға риза болса, мына шам жану керек, яғни вирус жоғалды деген сөз. Тәрбиеші ойыншық компьютердің көмегімен ақпараттарды жөнелтеді. Шам жанады. (телефон шырылдайды). -Алло! Ия, рахмет! Бәрі де өте жақсы болды. Мен міндетті түрде жеткізем (балаларға қарап). Математика Патшайымы бәріңізге рахмет айтып жатыр. Мен де сендерге ризамын, қай уақытта да қиналғандарға қол ұшын беретіндеріңізге сенімдімін. Енді үйімізге ұшақпен қайталық. Кәне орнымыздан тұрып қолымызды жоғары көтерелік, енді алдымызға, енді жанымызға, міне біз ұшып келеміз, ал енді қоналық. Міне қондық. Осы кезде қайтадан кондуктор келеді. -Балалар! Мен сендердің іс-әрекеттеріңді манадан сырттай бақыладым. Сендердің білімділіктеріңе, тапқырлықтарыңа сүйсіндім. Сондықтан да сендер тегін серуендеуге лайықты деп есептеп, жол ақыларыңды қайтарғым келіп тұр. Оқу құралдарын сатып алыңыздар. Көп рахмет сендерге, алдағы уақытта да көп оқып, үйреніңіздер. Материалдармен жұмыс	
Рефлекс коррек	Тәрбиеші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін түрлі сұрақтар қоя отырып тақырыпты қайта пысықтап қортындылайды. Сабакқа жақсы қатысқан балаларды мадақтайды.	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Фигуралардың атауларын

Игереді: Үшбұрыш пен олардың түрлерін.

Меңгереді: заттар мен фигуралардың үш белгісі түсі, пішіні, көлеміне қарай салыстыру.